



Әуезов ауданы:
тұрғындармен кездесу
**БАСТЫ БАҒДАРЛАР
БЕЛГІЛЕНДІ**

3



**ВАЛЮТА БАҒАМЫ
НЕГЕ ТҰРАҚСЫЗ?**
шикізатқа тәуелділіктен
арылып, жаңа бағытқа
бет бұрар кез келді

4



**«АСЫМЫЗДЫҢ
АДАЛДЫҒЫ –
БАСЫМЫЗДЫҢ
АМАНДЫҒЫ»**

8

АЛМАТЫ – МЕРЕКЕ ҚҰШАҒЫНДА...

Қыркүйек айының әр үшінші жексенбісінде алматылықтар Қала күнін атап өтеді. Биыл салтанатты мереке 17 қыркүйекте Республика сарайы алдындағы Абай атындағы алаңда өтеді. Сонымен қатар, 16-17 қыркүйек аралығында қалада бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылады.

16-17 қыркүйектен бастап сағат 12.00-ден 20.00 аралығында қаланың 8 ауданында және Панфилов пен Жібек жолы жаяу жүргіншілер көшелерінде «Атаулы күнім-мен, Алматым!» фестивалі өтеді. Мерекенің жалпы тұжырымдамасына

сәйкес фестиваль бағдарламасы түрлі аймақтарға бөлініп, командалардың қойылымы, жас әртістердің концерті, қол-өнершілер жәрмеңкесі, заманауи өнер көрмесі, «Кино» кафесінде кино көрсетілімдері, жергілікті суретшілер мен

дизайнерлердің шеберлік сыныптары ұйымдастырылады. Сондай-ақ, 16-17 қыркүйек аралығында сағат 20.00-де Абай алаңында «Алматы – жүрегімде» атты халықаралық орындаушылардың екінші байқауы өтеді.

6-7



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №110 (6403) 16 қыркүйек, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ

жаңа экономикалық мүмкіндіктер кеңістігіне айналады



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» бұған дейін хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Душанбе қаласына жұмыс сапары барысында Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен кездесіп, келіссөз жүргізді. Орталық Азия мемлекеттері басшыларының V Консультативтік кездесуіне, Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына қатысып, сөз сөйледі. Кездесулер қорытындысы бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды.

2

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.09.2023

Түнде:



+9+11 °C

Сейілген бұлт,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+19+21 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

17.09.2023

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+22+24 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ

жаңа экономикалық мүмкіндіктер кеңістігіне айналады

(Басы 1-бетте)

Қазақстан мен Тәжікстан Президенттері екіжақты қатынастардың қазіргі жағдайы мен перспективасын, сондай-ақ бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылу барысын талқылады. Сауда-экономикалық, көлік-логистикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастыққа баса мән берілді. Президенттер өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді қарастырды, стратегиялық серіктестік пен одақтас-тықты одан әрі нығайтуға өзара ниетті екенін растады.

«АЛДАҒЫ ОНЖЫЛДЫҚ ӨНІР КЕЛЕШЕГІН АЙҚЫНДАЙДЫ»

Бұл саммит Орталық Азия мемлекеттері арасындағы көпжақты ынтымақтастықтың даму қарқынын айқындаған маңызды жиын болды. Президенттің айтуынша, Орталық Азия сауда, инвестиция, бизнес, ғылым және инновация салалары бойынша жаңа экономикалық мүмкіндіктер кеңістігіне айналады. «Алдағы онжылдық өңіріміздің келешегін айқындайды. Осы тарихи мүмкіндікті қаншалықты тиімді пайдаланатынымыз, ол тек өзімізге байланысты. Бұл ретте біздің экономикалық мүмкіндіктеріміз бен әлеуетімізді барынша жұмылдыру – басым міндет», – деді Мемлекет басшысы.

- Қазақ басшысы кәсіпорындар арасында тікелей байланыс орнату үшін тауар өндірушілердің бірыңғай электронды базасын құруды ұсынды. Мәселен, оны Central Asia Gateway порталы аясында іске асыруға болатыны айтылды.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев тауарлардың жекелеген түрлерін өндірудің тұйық циклін қалыптастырып, алдағы уақытта үшінші елдердің нарықтарына экспорттауға бағытталған Орталық Азия мемлекеттерінің өнеркәсіптік кооперациясын дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеуді ұсынды. Аймақтағы елдердің көлік-логистикалық әлеуетін толыққанды іске асыру мәселелеріне тоқталып, еліміздің көлік-логистика саласындағы негізгі жобалары туралы мәлімет берді.

- Қазақстан жақын серіктестерімен экономикалық байланыстарға ықпал ететін бірқатар ірі жобаны жедел жүзеге асыруды көздейді. Бұл жерде «Достық – Мойынты», «Бақты – Аягөз», «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол жобалары, сондай-ақ «Жаңаөзен – Түркіменстан шекарасы» автомобиль жолы туралы сөз болып отыр. Жалпы, Қазақстан Еуразияның транзиттік хабы ретінде өз рөлін күшейтуге ниетті.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ ТАРИХШЫЛАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ФОРУМЫ ӨТЕДІ

Мемлекет басшысы цифрлық шешімдердің Орталық Азияда қолданылу аясын жоспарлы түрде кеңейтуді басым бағыт ретінде атап өтті. Достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шарттың тез арада күшіне енуін қамтамасыз ету маңызды екеніне назар аударды. Өзара ықпалдас-тықтың бесжақты форматын одан әрі жетілдірудің өзектілігін қадап айтты.



Тәжікстан тарапының Ұлттық үйлестірушілер кеңесін құру жөніндегі бастамасын қолдап, мұны форматты институт-ландыру жолындағы алғашқы қадам ретінде атап өтті. Спикер кездесуге қатысушыларды ортақ немесе барынша ұқсас ұстанымға келіп, әлемдік қоғамдастыққа ынтымағымыз бен бірлігімізді көрсетуге шақырды. Өңірдің тұрақтылығын бұзуға талпыныстар жасалып жатқан жағдайда қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдірудің маңызы арта түскенін мәлімдеді. Осы мақсатта нақты алдын алу шараларын әзірлеу үшін қауіпсіздік кеңестерінің хатшылары деңгейінде Орталық Азиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі диалогты келесі жылы Қазақстанда өткізуді ұсынды.

Мемлекет басшысы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты, соның ішінде университеттер арасындағы байланыстарды дамыту мәселелеріне айрықша назар аударды. Осы Душанбе кездесуі аясында 2-ші Ректорлар форумы мен Орталық Азия елдері ғалымдарының 1-ші форумын өткізуге маңыз берді.

- Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия елдері тарихшыларының тұңғыш форумын өткізу жөнінде бастама көтерді. Оның айтуынша, мұндай шара бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізуге және түрлі ғылыми еңбектердің жарық көруіне негіз болады.

– «Орталық Азия» туристік брендин бірге насихаттай отырып, елдеріміздің бірегей табиғатын және өзіне тән бай мәдениетін бүкіл әлемге таныстыруға керемет мүмкіндігіміз бар, – деген Президент, өз сөзін қорытындылай келе, әріптестерін Қазақстанда өтетін Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуіне шақырды.

«ЭКСПО ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – 2023»

Президент Душанбеге жұмыс сапары аясында аймақ мемлекеттері басшыларының V Консультативтік кездесуіне орай ұйымдастырылған Орталық Азия тауар өндірушілерінің көрмесіне барды.

Қазақстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан және Әзербайжан президенттері қатысушы мемлекеттердің экономикалық жетістіктерін танытатын ұлттық павильондарды аралап көрді.

Қазақстан алаңында металлургия, химия, жеңіл өнеркәсіп және фармацевтика, құрылыс индустриясы, автокөлік құрастыру, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және басқа да салалар бойынша 130-дан астам кәсіпорынның өнімдері қойылды. Көрме қонақтары отандық BARK Technology компаниясы әзірлеген жиілігі 20-320 Гц виброакустикалық толқын арқылы өкпені емдеуге арналған VibroLUNG бірегей қазақстандық медициналық аппаратына ерекше назар аударды. Бүгінде бұл аппаратты Қазақстанның, Ресейдің, Өзбекстанның, Беларусьтің, Панаманың, Біріккен Араб Әмірліктерінің және Сингапурдың жетекші клиникалары сатып алған. Сонымен қатар, көрмеде отандық өнім өндірушілер шығарған 40-тан астам көлік, оның ішінде 20 жеңіл автокөлік, 10 ауыл шаруашылығы техникасы, 7 арнаулы техника, 2 автобус және бронды әскери машиналар таныстырылды.

«АЙМАҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ МЕН ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ СУҒА ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ»

Душанбе сапары аясында Мемлекет басшысы Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына қатысып, сөз сөйледі.

Президент атап өткендей, Қор құрылғаннан бергі уақыт аралығында трансшекаралық су ресурстарын бірлесіп пайдалану, Арал теңізі бассейніндегі экологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу мәселелері бойынша аймақтық ынтымақтастықтың маңызды институтына айналды. Орталық Азияның қауіпсіздігін, тұрақтылығын және орнықты дамуын қамтамасыз ету ісінде Қор зор рөл атқарады. Бұған қоса, ХАҚҚ – халықаралық аренада Орталық Азияның субьектілігін танытатын аймақтық ынтымақтастықтың санаулы табысты механизмдерінің бірі. «Қазақ халқында «Су – ырыстың көзі» деген мақал бар. Мемлекеттеріміз су саясатын қалыптастыру кезінде судың шектеулі табиғи ресурс екенін ескеруге тиіс деп санаймын. Себебі, бүкіл аймақтың әл-ауқаты мен тұрақты дамуы суға тікелей байланысты», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев цифрлық технологияларды енгізу арқылы суды барынша үнемдеу мәселесінің өте өзектілігін, бұл өңір елдерінің су ресурстары жөніндегі ынтымақтастығының негізгі бағыты бола алатынын айта келе, Ұйымды одан әрі да-

мытуға қатысты ұсыныстарын ортаға салды. Олар:

Бірінші. Қордың ұйымдық құрылымы мен шарттық-құқықтық базасын жетілдіру процесін тезірек аяқтау маңызды мәселе болып қала береді. Қордың басқармасы мен Атқарушы комитетінің өкілеттілігін және жауапкершілігін кеңейткен жөн. Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясын Мемлекетаралық су-энергетикалық комиссия ретінде қайта құру. Бұл шаралар Қордың тиімділігін арттырмақ.

Екінші. Аймақтағы барлық елдің ирригация, гидроэнергетика және экология салаларындағы мүдделерін ескере отырып, Орталық Азияның су-энергетика ресурстарын тиімді пайдалану үшін ұзақ мерзімді әрі орнықты аймақтық ынтымақтастық механизмін құру. Халықаралық су-энергетика конкордиумы осындай механизмнің рөлін атқара алады.

Үшінші. Арал теңізі бассейніндегі су ресурстарын есепке алатын, мониторинг жасайтын, басқаратын және бөлетін бірыңғай автоматтандырылған жүйе енгізу бойынша жұмыс жоспарын әзірлеу. Бұл бастаманың жүзеге асырылуы ашықтығын қамтамасыз етпек.

Мемлекет басшысы сондай-ақ, Орталық Азия елдерінің климат мәселелері жөніндегі жобалық кеңсесін құру бастамасын көтерді. Бұл қадам климаттың өзгеруіне бейімделу және оның салдарын азайту үшін пәрменді шаралар әзірлеуге мүмкіндік береді. Қазақ басшысы жоғары деңгейдегі келесі кездесуді өзі бастамашы болған БҰҰ аясындағы Аймақтық климаттық саммитпен біріктіре отырып, 2026 жылы Қазақстанда өткізуді ұсынды. Қор жұмысына барлық құрылтайшы мемлекеттің белсенді араласуы су мәселесін тиімді шешуге және аймақтық интеграцияның одан әрі нығаюына ықпал етеріне сенім білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: akorda.kz; t.me/aqorda_resmi).



БАСТЫ БАҒДАРЛАР БЕЛГІЛЕНДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті

Қала басшысы алдымен ауданда атқарылған жұмыстар, тың жаңалықтар туралы қысқаша баяндап берді. Кездесуге келген тұрғындар өздерін толғандырған сауалдарын қойды. Әуезов ауданының тұрғындары қала әкімінің алдында жол, тұрғын үй, қоғамдық көлік, т.б. әлеуметтік мәселелерді көтерді.



7 автобустың бағыты ұзартылды

Жыл басынан бері Әуезов ауданының 17 бағытында 219 автобус жаңартылды. «Әуезов ауданы тұрғындарының көптеген өтініші бойынша №55 маршруттар «Сары-Арқа» метро станциясына дейін, №142 маршруттар «Б.Момышұлы» метро станциясына дейін (ЖЭО-2-ден), №53 Абай – Б.Момышұлына дейін, №78, 110, 226 «Б.Момышұлы» станциясына дейін ұзартылды және №132

«Сайран» станциясына дейін ұзартылды», – деді қала әкімі Ерболат Досаев.

118 аулаға күрделі жөндеу жүргізілді

Әуезов ауданындағы 161 аулаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңда 118 жұмыс аяқталды, қалған 43 аула қараша айының соңына дейін аяқталады. Сонымен қатар, 1,2 және «Ақсай-1, 2, 3 6, 4» ықшамаудандарындағы 58 аулада жөндеу

жұмыстары басталды. Жұмыстар қазан айының соңында аяқталады.

Тұрғын үй коммуналдықты жаңғырту бағдарламасы аясында 12 үйде шатыр мен инженерлік желілерді жөндеу және ауданның 10 үйінде 15 лифт ауыстыру аяқталды. Қалған 15 үйді жөндеу және 17 үйдегі 70 лифті ауыстыру ағымдағы жылдың қараша айының соңында аяқталады.

Қоғамдық кеңістіктерді одан әрі дамыту мақсатында біз «Ақсай-4» шағынауданындағы скверді абаттандыруды жоспарладық. ЖСК-ға қатысты мемлекеттік сараптама қараша айында шығады деп күтудеміз. Сондай-ақ, 11 қоғамдық кеңістік бойынша ЖСК әзірлеу аяқталуда.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»:

16 жоба іске асты

Биыл «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы Алматының Әуезов ауданында 34 жобаны жалпы іске асырумен 2 кезеңде өткізілуде. 16 жобаны іске асыру аяқталды.

«2 кезеңді іске асыруға 875 млн теңге бөлініп, 18 жоба іріктелді. Оның 10-ы қоғамдық кеңістіктерді жайластыру, 8-і бос учаскелерді абаттандыру. Бүгінгі таңда конкурстық рәсімдер жүргізілуде. Құрылыс қазан айында басталып, қараша айында аяқталады деп жоспарланған», – деді қала басшысы.

Автосуару жүйесі салынады

«Жасыл аймақтарды суару үшін ұзындығы 38 км 13 магистральдық көше бойында автосуару жүйесін орнату жоспарлануда. Бүгінгі таңда ЖСК әзірлеу жүргізілуде. Біз құрылысты 2024 жылдың II тоқсанында бастап, IV тоқсанында аяқтаймыз», – деді қала басшысы. «Сайран» көлінің түбін тұнба шөгінділерінен механикалық тазарту аяқталды. Көл аумағын реконструкциялауға және абаттандыруға конкурстық рәсімдер жүргізілуде. Құрылыс қазан айында басталады.

● СҰРАҚ-ЖАУАП

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ШЕШІМІ БАР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Әуезов ауданында орындалған жұмыстар мен алдағы уақытта істелетін жобалар жайлы баяндама жасаған соң, аудан тұрғындарын мазалаған сұрақтарға жауап берді.

– Сәлеметсіз бе! Мен Әуезов ауданының тұрғыны боламын. Күнделікті №5 мектепке балаларды өзім алып барамын. Бірақ мектепке жақын жолда не жол белгілері, не жасанды жол кедергілері жоқ. Көліктер балаларға қарамай қатты өтеді. Балаларды алып барған өте қиын. Осы сұрақты шешуге көмектессеңіз, – деді тұрғын.

– Айтылған мекенжайға қала полициясымен бірге Мобильділік басқармасының қызметкерлері барып, қандай шешім қабылдауға болатынын көріп қайтады. Мен бүгінгі протоколға енгізіп, тапсырма беріп қоямын. Аудан әкімі Абзал Қуандықұлымен бірге сол жұмыстарды өткізіп береді, – деді шаһар басшысы.

– Мен «Ақсай-4», 53-үй МИБ (мүлік иелерінің бірлестігі) төрағасымын. Бізде бір үлкен мәселе бар. Үйіміздің артында жылы кезде балалармен серуендеп, қыс келгенде олар сырғанақ тебетін үлкен аумақ болған. Қазір ол жерге автотұрақ салынды. Дегенмен, әлі де шағын болса да бос аймақ қалған, бүгінде ол жерде шөп өсіп, джунглиге ұқсап кетті. Менің ұсынысым – сол шағын аумаққа сквер не шағын ойын алаңын жасап берсеңіз, – деді ол.

– Мен бұл ұсынысыңызды қуана қолдаймын. Сіз өтінішіңізді дайындап қойыңыз.



Қазір «Халық қатысатын бюджет» жобасына өтінімдерді қабылдау жүріп жатыр. Осы жобаға ерекше назар аударып, өтініш беріңіз. Біз оны енгіземіз және келесі жылы сіздерге ыңғайлы болу үшін оны жүзеге асыруға тырысамыз, – деді Ерболат Асқарбекұлы.

– Саин, Сейфуллин көшелерін қолға алсаңыз. Өйткені, автобуспен олардың бойымен ұзақ жүресіз. Тіпті, вокзалға әрең жетесіз, – деді Әуезов ауданының тұрғыны.

– Біз маршруттарды дұрыс құру және оларды қаланың мүмкіндіктеріне сәйкес онтайлы ету үшін жұмыс істеп жатырмыз. Мен Алматының Мобильділік басқармасының бастығына Саин көшесі бойымен вокзалға қала көліктерімен жетуге қатысты тапсырма беремін. Ал Сейфуллин көшесінде біз жұмысты бастадық, оның ішінде Сейфуллин–Райымбек қиылысын атап өтуге болады. Сондай-ақ, бізде Сейфуллин–

Жансүгіров бойындағы жолайықтың құрылысы әлі біткен жоқ. Барлық жұмыстар аяқталған соң, көлікпен жүру де жеңілдей түседі. Жол-айықтың құрылысын келесі жылдың соңына дейін аяқтаймыз, – деді қала әкімі.

Сонымен қатар, қалалық Мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев айтылған мәселелер қаланың Бас жоспарында қарастырылғанын айтып өтті:

– Біз Алматының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарында көзделген қаланың көлік құрылымын әзірлеуді бастадық. Біз таңертең де, кешке де Саин көшесіндегі жүктемеге қатысты мәселені қарастырамыз. Көлік құрылымы негізінде біз осы мәселені шешу үшін өзгерістер енгіземіз, – деді ол.

● ТҮЙІН:

Кездесу екі сағаттан астам уақытқа созылды. Шаһар басшысы тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтардың ешқайсысын жауапсыз қалдырмады. Аудан тұрғындарын мазалаған мәселелерді тыңдап, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар жүктеді.

Әзірлегендер
Гүлжанат СЕМБАЕВА,
Досбол АТАЖАН.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



5 жерүсті өткелін
күрделі жөндеу үшін
жобалау-сметалық
құжаттама әзірленуде.



«Жайлы мектеп» ұлттық
жобасы аясында
600 орынды жаңа
мектептің құрылысы
басталды.



Тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылықты жаңғырту
бағдарламасы аясында
12 үйде шатыр мен
инженерлік желілер жөнделді.
10 үйдегі
15 лифт
ауыстырылды.



Аула аумақтарын күрделі
жөндеу аясында аудандағы
161 аулада
құрылыс-монтаждау
жұмыстары жүргізілуде.



7 учаскеде
4 км-ден астам
арық желісі салынды.



ҚАРЖЫ

ВАЛЮТА БАҒАМЫ НЕГЕ ТҰРАҚСЫЗ?

шикізатқа тәуелділіктен арылып, жаңа бағытқа бет бұрар кез келді

Екі жылға созылған пандемия зардабы мен әлемдік саясат, жаһандық қаржы дағдарысы дамушы елдер санатындағы Қазақстанның да әлеуметтік экономикалық ахуалына тікелей әсер етті. Соңғы екі-үш жылда инфляция қарқыны күшейді. Дегенмен, үмітті оятатын деректер де жоқ емес. Сарапшылар Қазақстандағы инфляцияның ең жоғарғы көрсеткіші 2023 жылдың бірінші тоқсанында болады деп болжаған. Бірақ олай болмай шықты. Керісінше, бірінші жартыжылдықта оңтайлы нәтижелер байқала бастады.

Маусым айындағы инфляция деңгейі 14,6 пайыз болды. Ал мамырдағы көрсеткіш 15,9 пайыз болатын. Демек, инфляция 1,3 пайызға азайған.

Елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалдың деңгейі алдымен мемлекеттің ұлттық валютасының құнымен бағаланады. Екінші тоқсанда 412 теңгеге дейін арзандаған доллар қыркүйекте қайта қымбаттап, 15 қыркүйекте 466 теңгеге дейін жетті.

Инфляция деңгейі төмендегеніне қарамастан теңгенің құнсыздануы қайтадан көрініс берді.

Валюта бағамы тұрақсыз болып тұр. Мәселе теңгеге байланысты. Үкімет төл валютаны еркін айналымда ұстап отыр. Алайда, ел арасында осы еркін бағамға байланысты әртүрлі қауесет айтылады. Кейбіреулер бұл шара тек қана ақпараттық мазмұнда ғана деген қисынды алға тартады.

Кімнің аузына кім қақпақ болғандай. Сөз, баспасөз еркіндігі бар. Оның үстіне айналасы бірер жылдың ішінде төл валюта бағамы бірнеше мәрте құбылып, есті шығарғаны өтірік емес.

Өткен жылы 515 теңгеге дейін шарықтаған көк қағаздың бүгінгі бағамы 460 теңгенің о жақ, бұ жағында. Ел бюджетінің қайнар көзі – мұнай құны да құбылған үстіне құбылуда.

«Мықтының арты диірмен тартады» демекші, көп жағдайда әлемдік қаржы нарығын жетекші державалардың саясаты билейтіндігі өтірік емес. Әлемдік мұнай нарығын бақылауда ұстап, өз дегенін жүргізіп отырған мұнай өндіретін елдердің ОПЕК деген бірлескен ұйымы, атом энергиясын бақылаушы халықаралық МАГАТЭ деген ұйым бар. Шикізат шығарушы державаларының өндіріс көлемін шектеп, мөлшерлеп отыратын күдірет те осы ұйымдар.

Қазақстан осы ұйымдардың мүшесі. Алайда, МАГАТЭ-нің беделді деген басқарушы тобында жоқ. Бірақ уран өндіру бойынша әлемде бірінші орында. Соңғы кезде біздің ел осы үштіктің құрамына енді межелеп отыр.

Қазақстан сияқты макроэкономикаға тәуелді мемлекет үшін әлбетте оның маңызы үлкен.

Соңғы кездегі төл валютаның бағамы осы шикізат көздерінің өндірісіне байланысты.

Қазақстанның тағы да бір байлығы ауыл шаруашылығы өнімдері. Оның ішін-



де әлбетте сапалы астығы. Қазақстан астығының кликовинасы басым. Ішінде астықты держава Канада да бар көп мемлекет өз бидайы жетіп жатса да, сол кликовинасы үшін біздің астықты сатып алуға мәжбүр.

Алайда, астықты Арқадағы бүгінгі егін орағының жағдайы көңіл көншітпейді. Биыл жаз жаңбырсыз болып, сапалы бидай ерте масақтанды. Ерте масақтанған бидайдың берекесі де төмен болады. Кеңестік дәуірде әр гектардан 30 центнерге дейін өнім алатын шаруашылықтары болған аймақтағы бүгінгі гектар қайтарымы 10,2 центнерден аспай отыр.

Қазақстан бойынша бүгінге дейін егілген астықтың 21 проценті ғана жиналды. Себебі – ауа райының қолайсыздығында. Елдің қаржылық жағдайының тағы да бір сыбағалы қайнар көзі саналатын егіншіліктің бүгінгі жағдайы осындай.

Іс жүзінде ішінде басқа да факторлар бар осы бюджет қайнар көздерінің бүгінгі жағдайы елдегі қаржылық-экономикалық һәм тұрмыстық ахуалға тікелей әсер етуде. Әсіресе, елдегі тауар бағасының қымбаттауы халықтың қалтасына ауыр соғып отыр.

Соңғы деректерге қарағанда елімізде азық-түлік бағасы бір жылда 14,6 пайыз, ал азық-түліктік емес тауарлар құны 15,8 пайыз, төлемді қызметтер бағасы 13,3 пайыз өскен.

Осының бәрі инфляцияның күшеюіне әкеліп соққаны өтірік емес. Сарапшылар біздің елдегі инфляцияның себептері есебінде шикізатқа барынша тәуелділікті, экономиканың төменгі диверсификациясын, бюджет саясатының дұрыс жүргізілуін алға тартады.

Қазақстан экономикасы негізінен бір жағынан өнеркәсіптік өндіріске байланысты. Ол ішкі жалпы өнімнің үштен бірінен астамын құрайды. Анағұрлым басым дамыған салалар – тау-кен өндірісі, металлургия, машина жасау, химия өндірісі.

Осы салалардың тұрақсыздығы инфляцияның күшеюіне тікелей әсер етеді. Ал инфляция алдымен азаматтардың кірісін азайтады. Тауар мен қызмет қарқыны өсіп, жалақы төмендейді. Банк салымдарының құнсыздануы басталады.

Ұлттық Банк соңғы екі жылда базалық ставканы барынша көтерді. Тіпті, ең соңғы өсім 16,75 пайыз болды. Бұл дегеніңіз, өте үлкен цифр.

Алдыңғы жылғы доллар долданып, теңге құнсызданып, 515 теңгеге дейін жеткенде Ұлттық Банк валюта интервенциясын қолдануға мәжбүр болған. Ал ол дегеніңіз – Ұлттық қордағы қаржының шығыны.

Алайда, соңғы кезде бас банк тарапынан ондай әрекет байқалмайды. Оның үстіне Ұлттық Банктің жаңадан сайланған басшысына базалық ставканы төмендету туралы ұсыныстар айтыла бастады. Оның алғашқы белгілерін де көріп отырмыз.

Осының бәрі елдегі қаржылық-экономикалық жағдайды ашық көрсетеді. Экономикадағы тұрақсыздықтың бір себебі есебінде пандемия зардаптарын алға тартушылар да бар. Рас, кесел әлемдегі барлық мемлекеттің экономикасына әсер етті. Дегенмен, ковид кезінде кейбір елдер тұрғындармен бизнесті қолдау үшін Ішкі Жалпы Өнімнің 10 процентін шығындады. Бірақ нарықтың тиісті қайтарымы болмай, ол бағаның өсуіне әкелді.

Ресурстар байлығына қарамастан Қазақстан Республикасы әлемдегі ең бай елдер тізімінде 71-орында тұр. Әлемдік қауымдастықта 193 ел барын ескерсек, бұл – орташа көрсеткіш. Бірақ Қазақстанның суырылып алға шығар мүмкіндіктері үлкен.

Дегенмен, мамандардың елдегі инфляцияның басты себептері есебінде шикізатқа тәуелділікті, экономиканың жеткіліксіз деңгейдегі диверсификациясын, бюджет саясатының кінәратын ауызға алуы тегін емес.

Қысқасы, жылдық инфляцияның төмендеуіне қарамастан теңгенің құнсыздануы қайтадан көрініс бере бастады. Демек, үкіметтің шикізатқа тәуелділіктен арылып, экономиканы жаңа бағытқа бұрар кезі келді. Ал әзірге бұл орайда ондай прогресті шаралардың аз болып тұрғаны өтірік емес. Әліхан Смайыловтың жаңарған үкіметінің алдында осыны ескеру міндеті тұр.



Өмірзақ
МҰҚАЙ.

КӘСІПКЕРЛІК



ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

салық тәртібіне жеңілдіктер қарастырылған

Шағын және микробизнеске бағытталған арнайы салық тәртібі қолданылады.



Айнабай
МӘДІ

Бұл туралы алдағы уақытта өтетін Тұрақты даму мақсаттарының саммитіне орай ұйымдастырылған брифингте Экономикалық зерттеулер институты басқарма төрағасының орынбасары Әділ Құсманов хабарлады.

«Микро және шағын бизнеске өте аз, аз салық салынып, ал орта бизнес қомақты салық төлесе, онда бизнес іріленгісі келмейді. Біз бизнестің өскенін қалаймыз. Демек, мұны біздің дамуымыздың реформа мен қолдау аясындағы екінші бағыт деп айтуға болады. Ал мемлекеттік сатып алу жүйесі жөнінде айтар болсақ, онда да белгілі бір стимул бар. Шағын және орта бизнесте, тіпті орта кәсіпорын ішінде де әлеуметтік тұрғыдан осал кәсіпкерлер болуы мүмкін. Оларға да мемлекеттік сатып алу аясында белгілі бір жеңілдік беріледі», – деп мәлімдеді Экономикалық зерттеулер институты басқарма төрағасының орынбасары.

Айта кетерлігі, бұл – мемлекет ұсынып отырған қолдау. ШОБ-қа қолдау көрсету мақсатында үкімет қазір жаңа бағдарлама дайындауда. Бұл бағдарламаның ерекшелігі мынада: берілетін субсидия мен жеңілдетілген кредит осы бизнестің ауқымына, жергілікті және халықаралық нарыққа шығарыла ма? Бұған да байланысты болады. Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты да осы.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АРЗАН БАҒА, САПАЛЫ ӨНІМ

Алматы облысы
ауылшаруашылық тауар
өндірушілерінің кеңейтіл-
ген жәрмеңкесі өтеді

Қала күнін мерекелеу шеңберінде 16-17 қыркүйекте, сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін Сәтбаев көшесі бойымен Достық даңғылы және Уәлиханов көшесі арасындағы учаскеде ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтеді. Оған Алматы облысы мен Қонаев қаласы 9 ауданының шаруашылық қожалықтары қатысады.

Жәрмеңкеге барлығы 200 тонна ауыл шаруашылығы өнімі, оның ішінде, 30 тонна ет, 130 тонна жеміс-көкөніс, 15 тонна сүт, 10 тонна балық, 15 тонна өзге де өнім әкелініп, өнімнің шамамен 50 атауы (ет-сүт, жеміс-көкөніс, шұжық өнімі, ұн, жармалар, өсімдік және мал майлары, т.с.с.) ұсынылатын болады.

Еске сала кетейік, жәрмеңке кезінде Сәтбаев көшесінің осы учаскесінде көлік қозғалысы уақытша жабылады.

Қ. ЖҰМАДІЛОВА.



● КЕҢЕС

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Бұл – қала үшін маңызды міндеттердің бірі

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев алдағы қысқы жылыту маусымына дайындық бойынша штабтың кезекті кеңесін өткізді.



**Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Қала басшысына энергетика және сумен жабдықтау басқармасының, «Алматы жылу желілері» ЖШС, «Алматы-жылукоммунаэнерго» ЖШС, «Алматы Су» МКК, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Алатау Жарық компаниясы» АҚ, «ҚазТрансГазаймак» АҚ және т.б. басшылары жөндеу және дайындық жұмыстарының аралық қорытындылары туралы баяндады.

Кеңес барысында бейінді ведомстволар атап өткендей, Алматының жылу энергетикалық кешені мен инженерлік желілерінің қыс мезгіліне жалпы дайындығы бүгінде 95%-ды құрайды. Барлық жұмыстар кесте бойынша жүреді.

Жоспарға сәйкес, Алматыдағы қала шаруашылығының алдағы күзгі-қысқы кезеңге толық дайындығы ағымдағы жылдың 1 қазанына дейін қамтамасыз етіледі.

Осы жылдың жылуаралық кезеңінде Алматыда 17,7 км жылумен жабдықтау, 120 км электрмен жабдықтау, 43 км сумен жабдықтау, 29 км газбен жабдықтау желілері қайта жанартылып, жөндеуде.

Дайындық жұмыстары «Алматы электр станциялары» АҚ объектілерінде де жүргізілуде.

(ЖЭО-1, ЖЭО-2, Каскад ГЭС, Батыс жылу кешені): жылыту маусымының үздіксіз өтуі үшін энергетикалық генерациялайтын жабдыққа (56 бірлік) жөндеу жүргізілуде.

Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Талғат Малыбаевтың ақпараты бойынша, «қаладағы жылу энергетикалық кешеннің жылыту кезеңіне дайындығы аяқталып қалды. Бұл ретте жылу желілерінің дайындығы – 91%-ды, сумен жабдықтау – 100%-ды, электр желілерінің дайындығы – 99%-ды құрайды».

Қысқы кезеңге дайындық мәселесі Алматы әкімінің жеке бақылауында. Бұған дейін Ерболат Досаев Энергетика және сумен жабдықтау басқармасына (ЭСЖБ) Оңтүстік аудандық қазандыққа ерекше назар аударатын, жылумен жабдықтау объектілеріндегі дайындық жұмыстарының барысын бақылауды тапсырған болатын. ЭСЖБ деректеріне сәйкес, аталған объектіде аумақты абаттандыру, газ құбырларын, түтін мұржаларын оқшаулау,

мазутты сақтау резервуарларына қоршау жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңда нысанның дайындығы 93%-ды құрайды. Реконструкция аяқталғаннан кейін қазандық 200 мыңнан астам тұтынушыны жылумен қамтамасыз етеді, оның ішінде Бостандық ауданындағы салынып жатқан тұрғын үй кешендері де бар.

Алматының тұрғын үй қорының дайындығы бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп, бүгінгі таңда 96%-ға дайын. Нақтырақ айтсақ, білім беру және денсаулық сақтау нысандарындағы әзірлік 98%-ды құрайды. «Жылыту маусымына толық дайындықты қамтамасыз ету – қала үшін маңызды міндеттердің бірі. Қалған жұмыстарды 1 қазанға дейін аяқтау керек. Гагарин көшесі жол жүру үшін ашылды. Қала тұрғындарының жүріп-тұруына ыңғайлы болу үшін Қажымұқан көшесіндегі құрылыс-монтаж жұмыстарын тез арада бітірген жөн», – деп, Ерболат Досаев энергетика, білім, денсаулық сақтау басқармаларына, сондай-ақ аудан әкімдіктеріне осы мәселелерді жіті бақылауды тапсырды.

● ТАҒАЙЫНДАУ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЦИФРЛАНДЫРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының басшысы лауазымына Олжас Жаңабек тағайындалды.



Олжас Жаңабек 1992 жылы 13 наурызда Алматыда туған. Пердью университетін (Уэст-Лафейетт қаласы, АҚШ) «Болашақ» бағдарламасы бойынша өнеркәсіптік инженерия мамандығы бойынша бітірген.

Негізгі еңбек жолын 2014 жылы «Noneuwell» компаниясында жобалық инженер қызметінен бастаған, онда бес

жыл бойы Қазақстанда, Оңтүстік Кореяда және Болгарияда өнеркәсіптік автоматтандыру саласындағы жобаларды іске асыруға қатысқан.

2020 жылы «AirVision.kz» ҚҚ жобалық офисінің басқарушысы, кейін ұйымның вице-президенті болды.

Тағайындалғанға дейін 2022 жылдың желтоқсанынан бастап Алматы қаласы Цифрландыру басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ДӘРІС-КОНЦЕРТ



САУСАҒЫНАН САЗ ТӨГІЛГЕН РАХАТ-БИ

Қала күні аясында Алматы қаласының Инновациялық шығармашылық орталығында белгілі қазақстандық композитор, пианист, өнертану ғылымының магистрі, халықаралық конкурстардың лауреаты, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, ҚР Президентінің «Ең дарынды өнерпазға» кубогының иегері, П.И.Чайковский атындағы конкурс лауреаттары қауымдастығының мүшесі Рахат-Би Әбдісағиннің «Кванттық механика және Авангардтық музыка» атты дәріс-концерті өтті. Кешке Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Нүсіпова қатысты.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Қазақ өнерінің дамуына айрықша үлес қосып жүрген Рахат-Би Төлегенұлының дәріс-концерті қаламызда бірінші рет өтіп отырған жоқ. Өзінің туған қаласында бірнеше мәрте дәріс-концерт пен жеке шығармашылығын өткізген композитордың бұл жолғы кеші қалың көрерменнің өтініші бойынша өткізіліп отыр.

Күздің қоңыр кешінде қаламыздың 300-ден астам дарынды оқушысы аталмыш дәріс-концертті зор қызығушылықпен қабылдап, ыстық ықыластарын білдіріп отырды. Он үш жасынан кесек шығармалар жаза бастаған Рахат-Би Әбдісағин қазір нағыз кемеліне келген. Сондықтан дарынды өнер иесінің дәрісі де тыңдарманының жүрегіне нұр құйып, бекзат өнердің әдемі әлеміне жетелеп отырды. Әлемдік өнер шеберлерінен жоғары баға алып, «Қазақ Моцарты» деп атанған Рахат-Би Әбдісағиннің шығармашылығы тек Қазақстанда ғана емес, шет мемлекеттерге де кеңінен танылған.

Оның шығармалары Еуропа, Азия және Америка елдерінде кеңінен орындалып жүр. Жеке рояль партиясын көбінесе автордың өзі орындайды. Жақында Германияда Рахат-Бидің орындауындағы классикалық фортепиано репертуарының бірқатар

CD-дискілері шығарылды. Айтулы кеште автор осы 3 CD-дискіні шығармашылық орталығына тарту етті.

Қазіргі таңда Рахат-Би ғылыми зерттеулермен де кеңінен айналысып, табысты еңбек етуде. Ағымдағы жылы Ұлыбританияда ғылыми қоғамдастықтың шақыруымен Оксфорд пен Кембриджде болды. Оксфорд университетінің Вулфсон колледжінде Рахат-Би әлем физиктерінің ғылыми семинарында баяндама жасап, ғалымдар тарапынан жоғары баға алды. Дарынды жас Оксфордқа зерттеуші ретінде шақыру алды. Жалпы, Рахат-Бидің Кванттық жобасы қала оқушылары арасында кванттық физика мен заманауи академиялық музыка арасындағы метафоралық корреляциялар туралы еңбегі үлкен қызығушылық тудырды.

Рахат-Би тыңдаушыларды ғылым мен классикалық заманауи музыканың өзара байланысының кейбір аспектілерімен таныстырды. Кеш барысында автор өз шығармаларымен қатар В.А.Моцарт, Ф.Шопен, А.Скрябин және басқа классиктердің шығармаларын орындады. Қаламыздың жастары саусағынан саз төгілген Рахат-Би Әбдісағиннің шығармаларын жүрекпен тындап, көзбен көрді. Бекзат өнерді бағындырған қазақтың дарынды ұлының ендігі арманы – осынау құдіретті өнердің қыры мен сырын ғылыми тұрғыда, яғни ғылым мен музыканың арасындағы байланысты зерттеу.

● РАХАТ-БИ ТУРАЛЫ ҮШ ДЕРЕК

* Рахат-Бидің музыкасы Еуропа елдерінде, сондай-ақ Азия мен Американың бірқатар елдерінде тұрақты орындалып келеді. Оның шығармаларының әлемдік премьералары Прагада, Парижде, Лондонда, Венада, Грацта, Мюрцшлагта, Берлинде, Байройтта, Майндағы Франкфуртта, Мюнстерде, Детмольдта, Сибиуда, Лос-Анжелесте, Бейжіңде, Сеулде, Анкарада, Ыстамбұлда, Мәскеуде, Томскіде, Рогашке-Слатинде, Бергамода, Аркёйеде, Аликантеде, Теуладе-Морайрада, Каирде, Александрияда, Амманда, Астанада, Алматыда өтті.

* Шетелдік сыншылар Рахат-Биді «нағыз қазақ ғажайыбы, қолының күші ерекше, мінезі өр шебер пианиношы» деп атады. Ол – Клин қаласындағы (Ресей) жұмыс кабинетінде П.И.Чайковскийдің жеке рояльінде ойнау құрметіне ие болған. Оның шығармалары Бах, Гайдн, Моцарттан бастап қазіргі авторларға дейінгі әлемдік классика шедеврлері жинастырылған Оңтүстік Иллинойс университеті (АҚШ) «Discography» оркестрінің фортепианоға арналған орындалған шығармалардың бүкіләлемдік қорына енген.

* Рахат-Бидің партитуралары Ресейдің алдыңғы қатарлы музыкалық баспа «Композитор» мен «Verlag für Neue Musik Berlin» (Германия) танымал баспасында партитуралары басылып шыққан. 2018 жылдың 9 сәуірінде Парижде оның 24 флейтадан тұратын Франция флейталар оркестріне арнап жазған «Des pensées de loin» («Қияндағы ойлар») шығармасының әлемдік премьерасы өтті.



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

АЛМАТЫ – МЕРЕКЕ

АЛМАТЫ АУДАНАРЫНДА
ҚАНДАЙ ІС-ШАРАЛАР ӨТЕДІ?

Қала күні мерекесіне орай Алматының барлық аудандарында «Туған күніңмен, Алматы!» тақырыбында түрлі салтанатты іс-шаралар ұйымдастырылады.

- Медеу ауданында шығармашылық ұжымдардың қатысуымен мерекелік концерт Орталық мәдениет және демалыс саябағында өтті.
- Жетісу ауданында, «Айнабұлақ» шағын ауданындағы Арбатта, «Гүлдер» саябағында Қала күнін мерекелеуге арналған мерекелік концерт өтеді.
- Әуезов ауданында Family park демалыс саябағында (Абай даңғылынан кіреберіс) Қуыршақ театры мен эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерттік мәдени іс-шара өтеді.
- Түркісіб ауданында мерекелік іс-шара №6 оқушылар үйі алаңының алдында, Сейфуллин даңғылы 13/1 мекенжайында өтеді. Кеш қонақтары үшін қазақстандық эстрада жұлдыздары, акробаттар, бишілер мен сиқыршылар, сондай-ақ сәбилерге арналған қуыршақ театры және танымал «Ұлытау» этно-рок-тобы өнер көрсетеді.
- Алмалы ауданындағы мерекелік іс-шара 16 қыркүйекте, сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін «Мега парк» СОО аумағында, Сейфуллин даңғылы, 483 мекенжайында ұйымдастырылады.
- Наурызбай ауданында ауданның эстрадалық жұлдыздары мен дарынды балаларының қатысуымен «Алматы – болашақ қаласы» мерекелік концерті 16 қыркүйекте, сағат 11.00-де және 17 қыркүйекте, сағат 19.00-де «Шұғыла» ш/а аудан әкімдігі ғимаратының алдында өтеді.
- Бостандық ауданында, 16 қыркүйек күні сағат 16.00-ден 19.00-ге дейін «Мега Alma-ata» СОО амфитеатрында (Розыбакиев көшесі, 247А) жас орындаушылардың қатысуымен мерекелік концерт өтеді.
- Алатау ауданында, 16 қыркүйек Қала күніне орай «Алатау» ТТИ аумағында («Нұркент» ш/а, 6) сағат 18.00-де «Асыл мұра» дәстүрлі музыканың мерекелік кеші, ал 20.00-де отандық «Дос-Мұқасан» тобы сахнада мерекелік өнер көрсетеді.



APPLE FEST

16-17 қыркүйекте сағат 10.00-ден 21.00 аралығында Тұңғыш Президент саябағында Apple Fest өтеді. Саябақты екі күн бойы алып алма-саябағына айналдыратын фестиваль бағдарламасында алма базары, қалалық мейрамханалар жәрмеңкесі, спорттық және концерттік бағдарламалар жоспарланған. Облыстық шаруашылықтар сататын алма саны өткен жылмен салыстырғанда 100 тоннаға қарағанда 127 тоннадан артады. Сондай-ақ, 17 қыркүйекте Абай алаңында сағат 10.00-де салтанатты іс-шара – «Алматы

қаласының Құрметті азаматы» төсбелгісі тапсырылады.

16 қыркүйекте, сағат 15.00-де Астана алаңында қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен «Almaty cover show» мерекелік концерті өтеді. Ал 17 қыркүйекте сағат 16.00-де Астана алаңында «Сағындым, Алматымды» музыкалық фестивалі ұйымдастырылады. Сонымен қатар, 17 қыркүйекте сағат 19.00-де Абай алаңында өтетін «Алматы жұлдыздары» музыкалық фестивалі мерекенің шырайын ашады.

«ALMATY URBAN FEST 2023»

қалалық және экстремалды спорт түрлерінің фестивалі

Мереке күндері алматылықтар үшін түрлі спорттық-бұқаралық іс-шаралар – «Almaty Urban Fest 2023», ұлттық спорт түрлерінің фестивалі, бәйге мен веложарыс ұйымдастырылады.



«Almaty Urban Fest 2023» қалалық және экстремалды спорт түрлерінің фестивалі екі күн бойы 2 алаңда ұйымдастырылады. Бірінші күні іріктеу, жексенбіде үлкен финал және жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтеді.

«Халық Арена» аумағында воркаут, чирлидинг, көше биі, армреслинг, роуп-джамп, гір көтеру және стритболдан жа-

рыстар өтсе, Орталық мәдениет саябағында скейтбординг, роликтер, скутерлер мен BMX триктері бойынша жарыстар өтеді.

Іс-шараға кәсіпқой спортшылар және әуесқойлар қатыса алады. Жеңімпаздар медальдар, дипломдар, бағалы сыйлықтар мен сертификаттармен марапатталады. Спорттың 11 түрі бойынша жалпы

ақшалай жұлде қоры 6 120 000 теңге. Фестиваль аясында кәсіби диджейдің, рэп-баттлдың, сондай-ақ фестивальдің хедлайнері Нұрболат Қанайдың концерттік бағдарламасы болады деп күтілуде. Ресми ашылуы 17 қыркүйек, сағат 9.15-те.

Арбатта армреслинг, тоғызқұмалақ, бұқа тарту, асық ату және салмақ көтеру сияқты ұлттық спорт түрлері бойынша бұқаралық жарыстар өтіп, жеңімпаздар естелік сыйлықтармен марапатталады. Басталуы 16 қыркүйек, сағат 9.00.

16 қыркүйекте Алматы ипподромында бәйге бойынша іріктеу турнирі өтеді. Алматылық шабандоздар құнан, топ бәйге және Аламан бәйгеде жалпы жұлде қоры 20 900 000 теңге үшін жарысады. Бұл турнир 7 қазанға жоспарланған финалға іріктеу кезеңі. Іс-шара қонақтары Асылбек Еңсепов пен Ерболат Құдайбергennің орындауындағы түрлі концерттік-ойын-сауық бағдарламасы, фуд-аймақ, сондай-ақ бағалы сыйлықтар ұтыс ойыны күтеді. Басталуы 16 қыркүйек, 12.00.

17 қыркүйек күні таңертең жалпы қалалық веложарыс өтеді. Оған қала мен республиканың атақты велошабандоздары мен спортшылары қатысады. Сондай-ақ, аталған іс-шараға Алматы қаласының әрбір тұрғыны мен қонағы қатыса алады.

Веложарыс «Нұрлы тау» көпфункционалды орталығынан басталады, содан кейін қатысушылар әл-Фараби даңғылының бойымен жүріп, «Тұңғыш Президент саябағында» мәреге жетеді.

Сөре: Нұрлы тау көпфункционалды орталығы, сағат 7.30. Мәресі Тұңғыш Президент паркінде, сағат 08.20.

Тұңғыш Президент саябағында 17 қыркүйекте жыл сайынғы «Алма fest» мерекелік іс-шарасы жалғасады. Онда алма жәрмеңкесі, концерттік бағдарлама және көптеген іс-шаралар: зумба, йога және скандинавиялық серуендеу бойынша жаттығулардың ашылуы жоспарланған. 17 қыркүйек, сағат 10.00-ден басталады.



ҚҰШАҒЫНДА...



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

АЛМА, АЛМА, АЛМАЛАР...

«Apple Fest» фестиваліне 150 тонна алма әкеледі

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы Тұңғыш Президент саябағында 16-17 қыркүйекте өтетін «Apple Fest» фестиваліне 150 тонна алма жеткізуге Алматы облысы шаруа қожалықтарының қатысуын ұйымдастырып отыр.

Ағымдағы жылы Қала күнін мерекелеуге Талғар, Қарасай, Еңбекшіқазақ және Ұйғыр аудандарының шамамен 45 бау-бақша серіктестігі қатысатын болады. Фестивальде барлығы алманың 13 түрі, атап айтқанда, Лимонка, Американка, Золотой превосход, Апорт, Кандиль, Грушовка,

Айнура, Салтанат, Мельба, Рашида, Пеструшка, Гала және Рахат секілді түрлері ұсынылады.

Қала күні мерекелеу аясында дәстүрлі мереке болып табылатын «Apple Fest» қалалық фестивалі 2015 жылдан бастап өткізіліп келеді.



Танымал әндер фестивалі

«Сағиндым, Алматымды» деп аталатын мерекелік кеш 17 қыркүйекте Төле би мен Абылай хан көшелерінің қиылысында орналасқан алаңда өтеді.

Бұл күні алаңға жиналған көрермен заманауи қазақ музыкасының үш буынының ең жарқын өкілдері – «МузАРТ», Қайрат Нұртас және Садраддиннің бір сахнада өнер көрсеткенінің куәсі болмақ. Бұл үш мықтының үлкен сахнадағы алғашқы кездесуі. Елдің сүйіктілері, миллиондаған тыңдармандардың кумиры, уақытқа бағынбайтын әндердің орындаушылары

қайталанбас эмоция мен атмосфера сыйлауға дайын.

Осы жексенбіде КБТУ алдындағы алаңда келушілер ерекше алматылық vibe-ті сезіне алатын болады. Бұл кеш шығармашылықтың, еркіндіктің, жастықтың, сапалы музыканың, жарқын шоуының естелігі болмақ.

Бұған қоса, музыка сүйер қауымның назарына сонау 80-жылдардан бастап бүгінгі күнге дейін ел аузынан түспей жүрген хит әндер ұсынылмақ. Мереке Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен өтеді.

Концерт Төле би – Абылай хан көшелерінің қиылысындағы Астана алаңында, орен air форматында өтеді. Сағат 17.00-де басталатын кеш түнгі 23.00-ге дейін жалғасады.

АКЦИЯ

«АЛМАТЫНЫҢ СИМВОЛЫН СЫЙЛАЙМЫЗ!»

әуежайда туристерді алмамен қарсы алады

Қала күнін мерекелеу аясында Алматы қаласының Туризм басқармасы Алматы халықаралық әуежайымен және ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Алматы Шекаралық бақылау басқармасымен бірлесіп «Алматының символын сыйлаймыз» акциясын ұйымдастырады.

Қала күні қарсаңында халықаралық жолаушылар терминалындағы паспорттық бақылау аймағында шетелдік қонақтарға оңтүстік мегаполистің жылуы мен

қонақжайлылығын бейнелейтін жергілікті алмамен қарсы алатын болады. Сондай-ақ, туристерге алдағы күндерге арналған мәдени-бұқаралық және ойын-сауық іс-шараларының тізімін қамтитын іс-шаралар күнтізбесі таратылады.

Алматыда осы ай бойы көрмелер, әдеби кештер, қайырымдылық және экологиялық акциялар, флешмобтар, конкурстар, спектакльдер, концерттер, спорттық турнирлер, жаппай жарыстар және т.б. өтеді. Осылай туристер қалада болған уақытында мәдени іс-шаралардан бастап спорттық іс-шараларға дейінгі ойын-сауықтың алуан түрін тамашалай алады.



«ALMATY GARDEN SHOW»

ең әдемі гүлдер көрмесі

Қала күнін атап өту аясында Орталық мәдениет және демалыс саябағында бақтар, гүлдер және ландшафттық өнер бойынша «Almaty Garden Show» фестивалі өтуде.

Қонақтарға әлемнің жетекші дизайнерлерінен, бағбандар мен гүл өсірушілерден шеберлік сабақтары өткізіледі. Сарапшылар кәсіби көгалдандыру, гүл шоқтарын заманауи түрде жасау және

ландшафттық дизайнның жаңа трендтері бойынша ұсыныстармен бөліседі. Жылыжайлардың иелері, бау-бақша жабдықтарын жеткізушілер «Бақшаның сәні» бойынша соңғы жетістіктерін көрсетеді.

Естеріңізге сала кетейік, жыл сайынғы іс-шара Алматыда он бірінші рет өтіп жатыр. Өткен жылы «Almaty Garden Show» көрмесіне 30 мың адам келді. Дәстүр бойынша фестиваль аясында конкурстар өткізіледі, оның қорытындысында әртүрлі номинациялардағы жеңімпаздар дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.



Айқара бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ОРАЛХАН БӨКЕЙ – 80

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына арналған конференцияға қатысушыларға құттықтау хатын жолдады.

«ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚАСИЕТІ

жастарға әрдайым үлгі-өнеге»

«Қадірлі қауым! Сіздерді көрнекті жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуымен құттықтаймын!

Оралхан Бөкей – ұлт руханиятының көкжиегін кеңейтуге зор үлес қосқан біртуар тұлға. Қарымды қаламгер әдебиет әлеміне алғаш қадам басқан сәттен бастап шоктығы биік шығармаларымен оқырман қауымның ықыласына бөленді. Оның «Қайдасың, қасқа құлыным», «Қар қызы», «Ұйқым келмейді», «Атау кере» және басқа да туындылары қазақ әдебиетінің алтын қорына құнды қазына болып қосылды. Жазушының жауһар мұралары көптеген шет тіліне аударылды, пьесалары еліміздің іргелі өнер ордаларында қойылып, көрермен көзайымына айналды. «Алтайдың Кербұғысы» атанған ерекше дарын иесінің шығармашылық жолы, азаматтық ұстанымы және қайраткерлік қасиеті – жастарға әрдайым үлгі-өнеге. Оның мол әдеби мұрасы әлі талай ұрпаққа рухани азық бола беретіні сөзсіз. Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!», деп жазылған Президенттің құттықтау хатында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА



Кеше Алматыда шығыстану ілімінің негізін қалаған, ҚР ҰҒА академигі, еліміздің бұрынғы Бас мүфтиі, көрнекті қоғам қайраткері Әбсаттар Мәлікбердіұлы Дербісәлінің рухына тағзым ету орайында, оның өмірінің соңғы кезінде тұрған әл-Фараби даңғылындағы үйінің қабырғасына орнатылған мемориалдық тақтаның ашылу рәсімі өтті.



Айнабай
МӘДИ

Айтулы азамат, фарабитанушы, ғұлама ғалым осы күні көзі тірі болса, жетпіс алты жасқа толған болар еді. Тағдырдың жазуы деген сол... Отбасының бастамасымен, Алматы әкімшілігінің қолдауымен ғалымның ескерткіш-тақтасы орнатылды. Рәсімді ғалымның дос-інісі, белгілі журналист Марат Тоқашбай жүргізді.

Жиында Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, Алматы қалалық Дін істері басқармасының басшысы Нұрлан Қықымов, әріптесі – ғалым Зұлқайыр Мансұров, Әбсаттар ағамыздың зайыбы Рәбия апай ғалымды тебірене еске алды.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Суретті түсірген Самат Құсайынұлы

«Қадірлі жиылған қауым, барлығыңызға Алладан амандық тілеймін. Жаратқан Алла баршамыздың тілегімізді қабыл етсін! Халқымызда «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген дәлелді нақыл бар. Бүгін біз сондай керемет игі істің куәсі боп тұрмыз. Елімізге, дінімізге ерен еңбегі сіңген ғұлама ғалым, Әбсаттар қажы-қазіретке арнайы тақта ілініп, еске алу құрметіне жиылып, оның рухына тағзым етіп тұрмыз. Әбсаттар

қажы соңынан талай шәкірт тәрбиелеп, өшпес ғылыми еңбектер жазып қалдырды. Сол шәкірттері елге аянбай еңбек етіп, ізгіліктің ізін жалғастыруда. «Ғалымның аты өлмейдінің» дәлелі осы емес пе», – деді Бас мүфти.

Иә, таудың алыстаған сайын биіктей түсетіні тәрізді, даңғайыр ғылымның даңғыл жолы біз үшін, кейінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге. Рухың шат болсын, ұлағатты ұстаз.

«HALAL EXPO-2023»

«АСЫМЫЗДЫҢ АДАЛДЫҒЫ – БАСЫМЫЗДЫҢ АМАНДЫҒЫ»

Алматыда халықаралық халал өнімдер көрмесі өтіп жатыр

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы «Халал Даму» стандарттау және сертификаттау мекемесінің ұйымдастыруымен «HALAL EXPO-2023» көрмесі «Атакент» халықаралық көрме орталығының «Бақшасарай» салтанат үйінде (Тимирязев көшесі, 42) өтіп жатыр. Бұл халықаралық көрме – халалды насихаттау, тұтынушы мен өндіруші арасын жалғау, кәсіпкерлердің өзара байланысын нығайту, шетелдік мамандармен тәжірибе алмасу, халал өнімдерді таныту мақсатында 3-рет өткізіліп отыр.



Досбол
АТАЖАН

Айтулы іс-шараның ашылу салтанатына ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, Индонезия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Мохамад Фаджрул Рахман, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитетінің төрағасы Ержан Нүкежанов, Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқарма басшысы Нұрлан Қықымов және «Атамекен» ҚР ҰКП арнайы өкілдері, шетелдік «Халал стандарттау және сертификаттау» орталықтары басшылары мен қала тұрғындары қатысты.

– Бүгін Қазақстан Мұсылмандары діни



Суретті түсірген Самат Құсайынұлы

басқармасы «HALAL EXPO-2023» көрмесін ұйымдастырып жатырмыз. Бұл көрме осымен 3-рет өткізілуде. Біріншісі Шымкент қаласында, одан кейін Астана қаласында, енді міне, алмалы Алматы қаласында ұйымдастырып отырмыз. Қазақ халқы Алладан тілек тілегенде асымыздың адалдығын, басымыздың амандығын тілеген. Негізгі мақсат – осы асымыздың адал болуына үлес қосу. Бұл жерде 100-ден аса үздік халал өнімдермен айналысатын кәсіпорындар келіп, көрмеде өз тауарларын ұсынып жатыр. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы халал сертификатын алған

1500-ға жуық кәсіпорын бар, соның 700-ге жуығы тағамның бағытында жұмыс істеп жатқан кәсіпорындар. Алматы қаласының кәсіпорындары ҚМДБ халал сертификатын алуда көш бастап тұрғанын айта кеткен жөн. Сондай-ақ, 2022 жылы 10 мың тоннаға жуық халал сертификаты бар өнім шетелге экспортталды. Дегенмен, халал сертификатын беру Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының бизнес көзі емес. Біздің мақсат – асымыздың адал болуына үлес қосу, – деді Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы.

«HALAL EXPO-2023» көрмесінде

ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы «Үздік халал кәсіпорындарды» марапаттады. Сонымен қатар, шетелдік және отандық халал стандарттау және сертификаттау саласы мамандарының қатысуымен дәрістер өтіп, халал жөнінде кеңінен мағлұмат берілді.

– Қазақстанның күнтізбесіндегі маңызды шара – «HALAL EXPO-2023» көрмесінде барлықтарыңызды көргеніме қуаныштымын. Индонезия – әлемдегі ең үлкен ислам мемлекеттерінің бірі. Халқымыздың 80 пайызы мұсылман адамдар. Бүгінгі көрмеде Индонезияның 20-ға жуық компаниясы әкелген негізгі 4 өнімді көре аласыздар. Олар: тамақ өнімдері, киім, косметика және БАД (биологиялық белсенді қоспа). Көрме аясында біз жаңа кәсіпкерлік ұсыныстарға да ашықпыз.

Сондай-ақ, бүгінгі іс-шара біз үшін де өте маңызды. Өйткені, аталмыш шара Индонезия мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 30 жылдығына тұспа-тұс келіп отыр. Алға, Қазақстан! Алға, Индонезия! – деді Индонезия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Мохамад Фаджрул Рахман.

Айта кеткен жөн, Алматы қаласының қонақтары мен тұрғындары ет, құс өнімдері, сүт және балық өнімдері, жартылай фабрикаттар, кондитерлік және бал өнімдері, халал косметикалар, май өнімдері мен шұжықтар, БАД өнімдері, тағам қоспалары, гигиеналық заттар, жуғыш заттар, фаст-фудт тағамдар, балмұздақ, сусын секілді небір өнімдерді сауда орындарынан бірнеше есе төмен бағада ала алады. Көрмеге отандық және Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей және Индонезия мемлекеттерінің халал сертификатын иеленген кәсіпорындары қатысып жатыр.



НАТАЛЬЯ САЦ – 120

ТЕАТР НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Наталья Сацтың құрметіне ескерткіш тақта ашылды

Алматыда Қазақстандағы тұңғыш балалар мен жасөспірімдер театрының негізін қалаушы Наталья Сацтың туғанына 120 жыл толды.

1941–1945 жылдардағы соғыс кезінде қаламызға келген режиссер Қазақстанда тұңғыш балалар мен жасөспірімдер театрын ашуды ұйғарады. Керемет күш-жігердің арқасында өз идеясын жүзеге асырып, 1958 жылға дейін театрда жұмыс істеді. Ол КСРО халық әртісі және КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атақтарына ие болды. Наталья Сац атындағы Мемлекеттік академиялық орыс балалар мен жасөспірімдер театрының директоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Олег Гостев Алматы қаласы әкімдігінің қолдау көрсеткені үшін өзі басқарған ұжым атынан алғыс білдірді.

«Наталья Сац нағыз өнерпаз адам. Ол өзінің өмір жолын өнерге арнады. Қаншама тағдырлы жолдан өтті. Бірақ мұқалмады.

Соның арқасында үлкен жетістіктерге жетті. Біз ұлы тұлғаның ерен еңбегін ұмытпай, болашақта да насихаттай беруіміз қажет. Сондай-ақ, ескерткіш-тақтаның ашылуына қолдау көрсетіп, әрдайым қолдап-қуаттап жүрген қала басшылығына алғысымыз шексіз», – деді Олег Гостев.

Өнер майталманының өмірі мен шығармашылығы жөнінде бірқатар естеліктер айтылды.

«Біздің театрымыздың негізін салған Наталья Сац. Бұдан бөлек, өзінің күшімен 6 театр құрған. Түрлі қуғын-сүргін, азаптау лагерьлері, күйеуінен айырылу сынды өте ауыр жағдайларды басынан кешкен. Ұлы адам және ішкі рухы мықты әйел», – деді Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Ольга Коржева.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



Суретті түсірген Сергей ХОДАНОВ.

ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚҚА БАҒДАР

М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры
98-маусымын ашты

Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының ұжымы жылдағы дәстүрге сай, биыл да қалың көрерменін бірнеше жаңа қойылыммен қуантпақ.

Жаңа маусым шымылдығы Мұхтар Әуезовтің «Еңлік – Кебек» пьесасына негізделген трагедия жанрындағы қойылыммен ашылды. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрін аттап өткен қос ғашықтың сезімін суреттейтін қойылымды сахнаға шығаруға 2 ай кеткен. Спектакль бір жылдан астам уақыт көрермен назарына ұсынылып келеді.

Қоюшы-режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлімбек Оразбеков атап өткендей, бұл классикалық шығармада махаббат, зұлымдық, адамгершілік тақырыбы қозғалады. Билердің айқасы көрсетіледі. Ақсақалдар болған оқиғаға қайғырып, екі жастың махаббатын қорғай отырып, соңында «дала заңынан» аттамау керек деп шешім шығарады.

Жаңа маусымның ашылу салтанаты Алматы күнімен сәйкес келгендіктен, театр ұжымы қалалықтарға концерттік бағдарлама



ұсынып, кейіпкерлер шеруін өткізді. Қазақ киносы мен театрына еңбегі сіңген танымал тұлғалар мен актерлер қызыл кілеммен жүріп өтті.

Айта кетейік, ғасырға жуық тарихы бар театр ғимаратына алдағы жылы күрделі жөндеу жүргізілмек. Осыған байланысты 2024 жылдың қаңтар айынан бастап мәдени ошақ уақытша жабылады. Театр басшылығы ғимарат жабылғанымен, шығармашылық жұмыс тоқтамайтынын айтты. Ол күндері ұжым гастрольдік сапар-

мен өңірлерді аралауды жоспарлап отыр.

– 2026 жылы болатын театрдың 100 жылдығына дайындық басталды. Алла төзім беріп, бәрімізді аман қылып, шығармашылықтан қол үзбей, көрерменнен адасып қалмай, атқаратын үлкен шаруаны жоспарлап отырмыз, – деді М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры Еркін Жуасбек.

Әзірлеген
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ТАНЫСТЫРЫЛЫМ



БЕС БІРДЕЙ КІТАПТЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

ҚР Ұлттық кітапханасының Н.Дәулетова атындағы залында ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Бауыржан Жақыптың 60 жасқа толуына орай «Бауыржан Жақып» библиографиялық көрсеткішінің және «Ақ лақ», «Жүректен қозғайын», «Білте шамның жарығы», «Жан даусы» кітаптарының тұсаукесер рәсімі өтті.



Досбол
АТАЖАН

Салтанатты рәсімге ақын-жазушылар, зиялы қауым мен БАҚ өкілдері, студенттер мен кітапхана оқырмандары қатысты. Алғашқы құттықтау сөз Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасы Мереке Құлкеновке берілді.

– Бүгін Абай облысына тағзым етеміз. Өйткені, ұлы Абайдың туған жерінен тағы бір көрнекті ақын біздің ортамызға қосылды. Біздің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген Бауыржан сол жерде көп жылдар жұмыс істеді. Журналистика факультетін талай жыл басқарды. Сонда ылғи да Бауыржанды көрсем, көз алдыма Зейнолла Қабдолов пен Тұрсынбек Кәкішов түсетін. Өйткені, Бауыржанның олардан алған керемет қасиеті – мына тұлға бойына толған мейірім. Сосын ағылып-төгілген, Абайдың ауылынан шыққан ақынның шешендігі. Біздің елдің өскендігін және біздің руханиятымыздың керемет өскендігін көріп отырмыз. Өйткені, Бауыржанға арналған және Бауыржан жазған 5 кітаптың тұсауы кесіліп отыр, – деді Мереке Құлкенов.

Айта кеткен жөн, библиографиялық көрсеткішті құрастыруда ҚР Ұлттық кітапханасының кітап қоры, «Қазақстан: өткені мен бүгіні», «Авторефераттар», «Дис-

сертациялар» дерекқорлары және анықтамалық-библиографиялық аппараты, ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының басылымдары: баспасөз шежіресі, кітап шежіресі, мақалалар мен рецензиялар шежіресі, газет, журнал мақалаларының шежіресі қолданылды.

Көрсеткіштегі материалдар 1980 жылдан 2023 жылдың маусым айына дейінгі кезеңде баспа бетінде жарық көрген қазақ және орыс тілдердегі кітаптарды, жинақтар мен мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған еңбектер мен мақалаларды қамтиды.

Ақынның «Ақ лақ» атты жыр жинағының алғашқы бөлімінде балабақша мен бастауыш сынып оқушыларына тіл үйретуге бағытталған өлеңдері жинақталса, екінші бөлімінде мектеп оқушыларына арналған тарихи-танымдық, этнографиялық және табиғат туралы жырлары топтастырылған. Ал «Жүректен қозғайын» атты кітабында әр жылдары жазылған әдеби-сын мақалалары, әдеби шығармашылық портреттер, эсселері мен естеліктері енгізіліп отыр. Сондай-ақ, «Білте шамның жарығы», «Жан даусы» атты жинақтары лирикалық сарында, сыршыл өлеңдермен өрнектелген.

Шара барысында ҚР Ұлттық кітапханасының қорынан ақын Бауыржан Жақыптың өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

ФЕСТИВАЛЬ

ЗАМАНАУИ ӨНЕР

Алматыда ерекше арт-объектілер бар. ArtbatFest фестивалі аясында олар тағы да ашық аспан астындағы өнер галереясына айналды.

Artbat Fest заманауи өнер фестивалінің экскурсиясы кезінде әркім түрлі мүсіндермен, ART туындыларымен, муралдармен танысады, сонымен қатар суретшілер мен олардың шығармашылық тұжырымдамалары туралы толық ақпарат ала алады.

«Бұл біздің қаламыздағы 11-ші фестиваль, оның негізін осыдан 14 жыл бұрын әкем екеуміз қалаған едік. Фестиваль әлеуметтік компонентке үлкен мән береді: адамдарға, бүкіл қалаға ашық агенттіксіз өнер. Фестивальдің басты ерекшелігі – оның ашықтығы, ол тегін өтеді. Бұл көрмелер де, түрлі дәрістер, пікірталастар бар ерек-



ше білім беру блогы», – дейді ARTBAT FEST арт-директоры Владислав Слудский.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.



Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №3/370-535 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қаңтартағы №1/1-74 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы №1/1-74 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 1 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

1	«Megapolis Residence» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-313-019-333	Бостандық ауданы, Радостовец көшесі, 371 учаске	1,9276
---	--	----------------	---	--------

реттік нөмірі 12 жолы алынып тасталсын.
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
------------------------	----------

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №3/370-536 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 14 маусымдағы №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ортақ пайдалануындағы объектілердің құрылысы үшін (алаң), Алматы қаласының Алмалы ауданындағы Сейфуллин даңғылының батысы, Төреқұлов көшесінің солтүстігінде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері (жер пайдаланушылар) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
------------------------	----------

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №3/370-536 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуда жататын жер учаскелерінің тізбесі

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Пермяков Вадим Алексеевич	20-311-041-478	Сейфуллин даңғылы, 473	Жалпы - 0,0481 Үлесі - 0,0112
2	Султанов Сайдат Абдрахманович	20-311-041-478	Сейфуллин даңғылы, 473	Жалпы - 0,0481 Үлесі - 0,0112
3	Пономаренко Оксана Ивановна	20-311-041-478	Сейфуллин даңғылы, 473, 1-пәтер	
4	Югай Бенчер Хак-Гынович, Ню Галина Павловна, Югай Наталья Бенчеровна	20-311-041-478	Сейфуллин даңғылы, 473, 5-пәтер	
5	Рысмендеева Гайша Абдуллиновна	20-311-041-478	Сейфуллин даңғылы, 473, 6-пәтер	
6	Мельситов Александр Владимирович	20-311-041-478	Сейфуллин даңғылы, 473, 7-пәтер	
7	Султанов Хаджимурат Сайданович	20-311-041-478	Сейфуллин даңғылы, 473, 8-пәтер	
8	Мерғалиева Анель Булатовна	20-311-041-249	Сейфуллин даңғылы, 473	0,0320
9	Ямалетдинов Рауф Хайдарович		Сейфуллин даңғылы, 473 в, 1-пәтер	
10	Каниев Алдонгар Шатуович		Сейфуллин даңғылы, 473 в, 2-пәтер	
11	Айтуов Серик Кадырмаевич, Касимова Айгүл Тұрсыновна		Сейфуллин даңғылы, 473 в, 3-пәтер	
12	Боровик Виталий Борисович		Сейфуллин даңғылы, 473 в, 4-пәтер	
13	Боровик Галина Александровна		Сейфуллин даңғылы, 473 в, 5-пәтер	
14	Иванов Вадим Анатольевич		Сейфуллин даңғылы, 473 в, 7-пәтер	
15	Хан Юлия Львовна, Иванов Вадим Анатольевич		Сейфуллин даңғылы, 473 в, 8-пәтер	
16	Зимова Алла Владимировна, Суворова Вероника Владимировна, Суворова Кристина Владимировна		Сейфуллин даңғылы, 473в, 11-пәтер	
17	Волокитин Александр Сергеевич		Сейфуллин даңғылы, 473 в, 12-пәтер	
18	Клепикова Арина Анатольевна		Сейфуллин даңғылы, 473 в, 13-пәтер	
19	Пономарева Ольга Владимировна, Губин Сергей Григорьевна, Пономарев Юрий Сергеевич, Пономарев Михаил Сергеевич		Сейфуллин даңғылы, 473 в, 14-пәтер	
20	Ширина Тамара Васильевна		Сейфуллин даңғылы, 473 в, 15-пәтер	
21	Юнусова Галина Мухатвалиевна, Хан Зарина Анатольевна		Сейфуллин даңғылы, 473 в, 16-пәтер	
22	Попова Ирина Витальевна		Сейфуллин даңғылы, 473 в, 17-пәтер	
23	Егоров Дмитрий Николаевич		Сейфуллин даңғылы, 473 в, 18-пәтер	
24	Касанова Аида Шағалиевна, Касанов Резван Усеинович	20-311-041-194	Сейфуллин даңғылы, 473 г	0,0249
25	Никбаева Мөлдір Бақытжанқызы		Сейфуллин даңғылы, 473 д, 1-пәтер	
26	Дариев Джунусхан Баймусаевич		Сейфуллин даңғылы, 473 д, 2-пәтер	
27	Козлов Евгений Митрофанович		Сейфуллин даңғылы, 473 д, 3-пәтер	
28	Токпанова Светлана Павловна, Токпанов Абдыкалық Айболович		Сейфуллин даңғылы, 473 д, 4-пәтер	
29	Ситников Арнольд Иванович, Исакова Вероника Ивановна		Сейфуллин даңғылы, 473 д, 6-пәтер	
30	Карлыдаг Хусейин, Карлыдаг Акилим		Сейфуллин даңғылы, 473 д, 7-пәтер	

31	Прокопенко Светлана Викторовна		Сейфуллин даңғылы, 473 д, 8-пәтер	
32	Бузубаева Марина Владимировна, Бузубаев Марат Токтасынович		Сейфуллин даңғылы, 473 д, 9-пәтер	
33	Асанова Светлана Апихановна, Асанов Асқар Избасханович, Асанова Ляззат Асқаровна, Асанов Айдар Асқарович		Сейфуллин даңғылы, 473 д, 10-пәтер	
34	Султанбекова Галина Равильевна		Сейфуллин даңғылы, 473 д, 11-пәтер	
35	Шерханова Назгуль Касымбековна		Сейфуллин даңғылы, 473 д, 12-пәтер	

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №3/370-537 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 22 шілдедегі №8 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Өрт сөндіру депосының құрылысы үшін, Алматы қаласы, Бостандық ауданындағы, Жандосов көшесінің солтүстігінде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері (жер пайдаланушылар) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне (жер пайдаланушыларға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
------------------------	----------

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №3/370-537 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуда жататын жер учаскелерінің тізбесі

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Алмекеева Назира Есмухановна, Мұхтар Гүлнар Қанатқызы, Мухтаров Санат Канатович	20-313-033-016	Лебедев көшесі, 21	0,0519
2	Ланин Юрий Валерьевич, Лукьянов Яков Сергеевич, Лукьянов Михаил Сергеевич	20-313-033-032	Вахтангов көшесі, 14, 1-пәтер	Жалпы - 0,1386 үлесі - 0,0376 үлесі - 0,0137
3	Березина Олеся Николаевна, Кайнова Ольга Гавриловна, Березина Людмила Гавриловна, Кайнов Дмитрий Валерьевич	20-313-033-032	Вахтангов көшесі, 14, 2-пәтер	Жалпы - 0,1386 үлесі - 0,0349 үлесі - 0,0524
4	Бекова Седа Арсан-гиреевна	20-313-033-035	Вахтангов көшесі, 6, 1-пәтер	Жалпы - 0,0827 үлесі - 0,0146
5	Засоба Татьяна Владимировна	20-313-033-035	Вахтангов көшесі, 6, 2 пәтер	Жалпы - 0,0827 үлесі-0,0156
6	Печатнов Александр Владимирович, Рикунова Марина Валентиновна	20-313-033-035	Вахтангов көшесі, 6, 3-пәтер	Жалпы - 0,0827 үлесі - 0,0226
7	Абдулина Светлана Алимбаева	20-313-033-071	Лебедев көшесі, 11	Жалпы - 0,0566 үлесі - 0,0296
8	Бимамбетова Анаркуль Алимбаевна	20-313-033-071	Лебедев көшесі, 11	Жалпы - 0,0566 үлесі - 0,0270
9	Жатакбекова Алмагүл Нургасимовна	20-313-033-107	Вахтангов көшесі, 16, 1 пәтер	Жалпы - 0,0744 үлесі - 0,0300
10	Табылганова Гаухар Кеншиликовна, Нурпеисов Медет Нурдаулетович	20-313-033-107	Вахтангов көшесі, 16, 2-пәтер	Жалпы - 0,0744 үлесі - 0,0144
11	Булагенова Тураш Карагойшиевна	20-313-033-107	Вахтангов көшесі, 16, 3-пәтер	Жалпы - 0,0744 үлесі - 0,0300
11	Оспанов Еркин Башанович	20-313-033-186	Лебедев көшесі, 15	Жалпы - 0,0535 үлесі - 0,0268
12	Диханбаева Майра Нурмолдановна	20-313-033-186	Лебедев көшесі, 15	Жалпы - 0,0535 үлесі - 0,0267
13	Махнёва Наталья Васильевна	20-313-033-190	Вахтангов көшесі, 8, 1-пәтер	Жалпы - 0,0783 үлесі - 0,0564
14	Пралиева Гульмира Калдибаевна	20-313-033-190	Вахтангов көшесі, 8, 2-пәтер	Жалпы - 0,0783 үлесі - 0,0219
15	Черепкова Алла Михайловна	20-313-033-229	Лебедев көшесі, 5	Жалпы - 0,0783 үлесі - 0,0291
16	Судакова Людмила Романовна	20-313-033-229	Лебедев көшесі, 5	Жалпы - 0,0783 үлесі - 0,0281
17	Утекбаев Дамир Нурмухамбетович	20-313-033-265	Вахтангов көшесі, 12, 1-пәтер	Жалпы - 0,1206 үлесі - 0,0202
18	Визигина Инна Михайловна	20-313-033-265	Вахтангов көшесі, 12, 2-пәтер	Жалпы - 0,1206 үлесі - 0,0209
19	Пахомова Елена Геннадьевна, Пахомов Роман Евгеньевич	20-313-033-265	Вахтангов көшесі, 12, 3-пәтер	Жалпы - 0,1206 үлесі - 0,0201 үлесі - 0,0068
20	Гущин Андрей Владимирович	20-313-033-265	Вахтангов көшесі, 12, 4-пәтер	Жалпы - 0,1206 үлесі - 0,0207
21	Казаков Александр Юрьевич, Казакова Вероника Юрьевна, Джүзбаева Наталья Сергеевна, Кудинов Алексей Сергеевич, Казакова Анжела Александровна	20-313-033-265	Вахтангов көшесі, 12, 5-пәтер	Жалпы - 0,1206 үлесі - 0,0155
22	Құттыбек Қуанышбек Құттыбекұлы	20-313-033-265	Вахтангов көшесі, 12, 6-пәтер	Жалпы - 0,1206 үлесі - 0,0164
23	Каминская Татьяна Александровна	20-313-033-268	Вахтангов көшесі, 18, 1-пәтер	Жалпы - 0,0712 үлесі - 0,0177
24	Загайдулин Валерий Геннадьевич, Загайдулина Ольга Викторовна, Загайдулин Виталий Валерьевич	20-313-033-268	Вахтангов көшесі, 18, 2-пәтер	Жалпы - 0,0712 үлесі - 0,0169
25	Нурмаханбетова Алия Файзуллаевна	20-313-033-268	Вахтангов көшесі, 18, 3-пәтер	Жалпы - 0,0712 үлесі - 0,0218
26	Нурланкулов Байсерик Бейсенжанович	20-313-033-268	Вахтангов көшесі, 18, 4-пәтер	Жалпы - 0,0712 үлесі - 0,0148
27	Кузьмин Андрей Олегович	20-313-033-281	Вахтангов көшесі, 8А	0,0511
28	Светлова Валентина Ивановна	20-313-033-293	Вахтангов көшесі, 10, 2А пәтер	Жалпы - 0,0675 үлесі - 0,0337
29	Шаталов Андрей Владимирович, Шаталова Ольга Николаевна, Шаталов Иван Андреевич, Нигматуллин Андрей Иосифович, Нигматуллина Ирина Владимировна, Нигматуллина Серафима Андреевна, Нигматуллин Тарас Андреевич	20-313-033-293	Вахтангов көшесі, 10, 2-пәтер	Жалпы - 0,0675 үлесі - 0,0338
30	Китаевская Валентина Александровна	20-313-033-313	Лебедев көшесі, 19	Жалпы - 0,0652 үлесі - 0,0326
31	Морозов Анатолий Александрович	20-313-033-313	Лебедев көшесі, 19	Жалпы - 0,0652 үлесі - 0,0326
32	Пучкова Любовь Николаевна	20-313-033-338	Лебедев көшесі, 9	0,0629
33	Музалевская Надежда Юрьевна	20-313-033-341	Лебедев көшесі, 7	0,0559
34	Назина Светлана Николаевна	20-313-033-346	Лебедев көшесі, 17	0,0545
35	Алмекеева Назира Есмухановна, Мұхтар Гүлнар Қанатқызы, Мухтаров Санат Канатович	20-313-033-016	Лебедев көшесі, 21	0,0519



«ҚОРҒАУ – 2023»



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АЙБАТЫ АСҚАҚ АЛМАТЫ

Алматы әкімдігінің аумақтық қорғаныс іс-шараларын қамтамасыз ету аясында қаланың аумақтық қорғаныс бригадасы офицерлердің басын қосып, іргелес облыстың Іле ауданы аумағындағы полигонда «Қорғау–2023» тактикалық-арнайы оқу-жаттығуын өткізуде.



Айнабай МӘДИ

Жаттығуға алғаш рет Алматы қаласы аумақтық қорғаныс бригадасы штабының офицерлері, батальон командирлері мен штаб бастықтары шақырылды. Мұнда штаб пен бақылау органдарын жауынгерлік үйлестіру қоса жүргізіліп жатыр. Кәсіби әскери нұсқаушылардың жетекшілігімен әскери міндеттілер – қордағы сардарлар (офицер) аумақтық қорғаныс, тактикалық, барлау, арнайы, техникалық және инженерлік дайындықта теориялық, сондай-ақ практикалық тұрғыда жауынгерлік әзірлік сабақтарына ден қоюда.

Тактикалық-арнайы оқу-жаттығу барысында жауынгерлік даярлық тапсырмалары пысықталып, аумақтық қорғаныс бөлімшелеріне берілген нысандарды қорғау бойынша тәжірибе алмасады. Әскери қызмет өткеруге міндетті азаматтар әскери қызмет өткеру кезінде алған әскери есепке алу мамандығының міндетін, қару-жарақ пен техникамен жұмыс істеу дағдысын қайталап, жаңғыртады. Оқу-жаттығу полигонында қалада ұрыс қимылын жүргізудің жаңа тактикалық әдісті мен тәсілдері зерттеледі. Соның ішінде, әскери қызметкерлердің жауынгерлік отты қарудан ату тәжірибелік сабағының маңызы зор.

«ҚҰ ҚК 2023 жылғы жауынгерлік дайындық жоспары мен Алматы қаласы әкімшілігінің өңірлік қорғанысты жетілдіру туралы қаулысына сай, аумақтық қорғаныс бригадасы «Қорғау–2023» арнайы тактикалық оқу-жаттығуын өткізуде. Оқу-жаттығуға бригаданың басқарма офицерлері мен батальон командирлері шақырылды», – деп мәлім етті Алматы қаласы

аумақтық қорғаныс бригадасының командирі, полковник Ержан Рымбек. Жауынгерлік жиынға Алматы қаласы аудандарынан қордағы 50 офицер жиналды. Атап айтқанда, олар – басқарма офицерлері, батальон командирлері мен штаб бастықтары. Бұл арнайы оқу-жаттығу 7–22 қыркүйек аралығында өткізілуде. 15 күндік жауынгерлік жиын барысында әскери міндетті қордағы офицерлерге теориялық сабақтарға қоса, практикалық, яки әскери тактикалық сабақтар да өткізіледі.

Жиынға келгендер азық-түлікпен, әскери мүлікпен, жауынгерлік киім-кешекпен қамтылған. Қару-жарақ (АКС-74С, ПМ-9) пен қосалқы әскери техникамен жаракталғанын да көрдік.

Қай кезден де мәнін жоймаған: «Жаттығуда – ауыр болса, ұрыста – жеңіл» деген тәсіл бар. Оқу-жаттығу жиынының маңызы – ерекше жағдайда шақырылған қордағы офицерлердің өздерінде бұрыннан бар әскери тәжірибесін шыңдау, оларды жаңа соғыс амалдарына үйрету мен тың тактикалық тәсілдерге машықтандыру – уақыт күттірмес міндет. Осының бәрін оқып-үйрету тәжірибелі, саптық, маман-офицерлерге жүктелген. Өйткені, уақыт өткен сайын соғыс тактикасы мен стратегиясы өзгеріп отырады.

Жасыратыны жоқ, Алматы – от пен судың ортасында тұрған қала. Қаламыздың қорғанысы мен қауіпсіздігі үнемі қырағы назарда тұруы қажет. Түрлі табиғи және техногенді апаттар кезінде де өңірлік қорғаныс әскерінің рөлі басым. Күні кешегі «Қанды қаңтар» оқиғасы «сақтанғанды сақтайтынын» еске салып кеткені рас. Жиынның офицерлік құрамнан жасакталуының да өз мәнісі бар. Басталған жауынгерлік іске болаттай беріктік тіледік. Алты Алашқа ардақты Алматымыздың қорғанысы нығайып, айбаты асқақтай берсін!

«Bilim school» ЖШС мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ана төлемі бір оқушыға жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2023 жылы – 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз.

Сенім телефондары: 8 (7172) 69-50-37, 8 (7172) 69-50-58, сайты: www.fincenter.kz.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге
Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Рәсімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін
десеңіз;
* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
**Апталық
таралымы – 18 663**

Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИ

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы қаласы,
Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



ӨТКЕН-КЕТКЕН

«ӨЗІҢ БОЛМАСАҢ,
ТІРІЛЕРДЕН ҚАЙЫР БОЛМАДЫ»

Ленинге хат жазған қазақ кім еді?

80-жылдардың орта шенінде Мәскеуде, Кремльдегі мавзолейде Лениннің мүрдесін тамашалап, тағзым етіп өтіп жататын жұрттың санында шек жоқ еді. Кесененің артқы жағынан басталатын тізбек алдына қарай айналып келіп, ішке кіріп сіңіп кетіп жататын. Ол күндері бұл тізбекте болудың өзі үлкен мақтаныш, сонымен бірге зор жауапкершілік-тұғын. Күн көсемнің мәңгі ұйқыдағы бейнесін көру де екінің бірінің маңдайына жазыла бермейтін. Аяғы жеткен адам ғана мұндай бақытқа ие болушы еді.

Кремльдегі осындай тізбектің ортасында келе жатып, Лениннің дәл тұсына келгенде бір кісі қалтасындағы тырсыған конвертті ала сала, көсемнің аяқ тұсына қарай лақтырып жіберді. Әр сәтті мүлт жібермей қадағалап тұратын қорғаушылардың бірі оны жерге түсірмей лып еткізіп қағып ала қойды. Басқа екеуі жүгіріп келіп әлгі адамды қолтықтап, сол жердегі арнайы жасақталған тергеу бөлмесіне ала жөнеледі. Бұл Мәскеуге, Кремльге, Ленинге арнайы Қарақалпақстаннан барған қарапайым ғана қазақ болып шықты.

80-жылдардың ортасына таман Ходжеліде тұратын Рысбай Етекбаевтың шаңырағына аяқ астынан қаралы хабар келеді. Туған інісі мотоциклмен келе жатып жол апатынан қаза тапқан. Ойламаған жерден жеткен қаралы хабар ағайын-туғанды естен тандырғандай болды.

Мотоциклдің құлағында ойнайтын жігіттің ішпей-жемей мұндай жағдайға душар болғанына ешкімнің көңілі сенбеді. Бірақ қазаның аты қаза, естіген жұрт жиналып, ағайын-туған марқұмға арналған соңғы парыздарын өтеп, арулап жер қойнына тапсырды. Жаназасын шығарып, жер бесігіне бөлеген соң, басқалар бар шаруа осымен біткендей өз тірліктерімен кете барды. Ағасы Рысбайдың ғана көңілі жай таба алмай, жатса-тұрса інісінің қазасы жанына батып, ақыры сотқа арыз жазуға бел буады.

– Басында жасалған құжаттардың бәрі «мотоцикл қарсы келген көліктен қашамын деп, жолдан шығып кетіп апатқа ұшырап қаза тапқан» деген қорытындыны айғақтап тұрады. Ағасы қайда арызданса да, айналып келіп осы жауап айтылып жатты. Ол кездері Рысбайдың барлық деңгейдегі соттар мен прокурорларға хат жазып, арызданып жүргенін жан адам білген жоқ болатын, – дейді сол жылдары Рысбай Етекбаевпен Ходжеліде бірге қызмет еткен әріптесі Нысанғали Молдағұлов ақсақал.

80-жылдардың ортасы әлі қалыптасушы өмір ағысының бұзыла қоймаған, қоғамның өлі тыныштықтағы мүлгіген бір сәттері еді. Еңбек етсең «еметін» уақыттар болатын. Көзін тапқандар қалам мен «сандардың арқасында» асып-тасып байып жатты, көзін таппағандар адал еңбектерінің арқасында


бұйырғанын көріп жүрді. Бұлтиып бүйірі шықпаса да, аш-жалаңаш жүрген ешкім болмады. Жұмыс істемейтіндерді жаза-лайтын, «екі қолға бір күрек» тауып беретін кезең әлі ту көтеріп тұрған кез еді.

Жетпіс жылдан бері қалыптасып қалған бірыңғай жүйенің ырғағын бұзу мүмкін емес болатын. Әсіресе, бар істі ағайынгершілікке салатын Өзбекстанда кісі өлімі сияқты тосын жәйттердің өзін жылы жауып жіберіп, сыртқы ортаға ым-жымын білдірмей тастайтын. Сол аймақтағы кенжелеу жетілген жердің бірі Қарақалпақстан автономиясы болған соң, анау-мынауға аса көп мән беріп, егжей-тегжейлі көңіл бөліп жатқан орын бола қоймады. Ел тыныш, жұрт аман, жоспар орындалып жатыр, жоғарыдағыларға керекті сол ғана еді.

Бір күні дүкен меңгерушісі болып жұмыс істейтін Нысанғали Молдағұлов аудандық Тұтынушылар одағының қоймасынан зат алуға келіп, түскі үзіліске тап болып қалады. Қойма күзетшісінен басқалардың бәрі түскі үзіліске үйлеріне кеткен сәт. Бұл да астындағы «Москвичімен» орталыққа қарай бет ала бергені сол еді, қоймаға қарай келе жатқан, қолына сүйенетін әдемі таяқ ұстаған бір орысқа кездесе кетеді.

– Маған Етекбаев Роман Романович керек еді, оны қайдан табуға болады? – дейді әлгі орыс.

Ол уақытта есіміңіз Мейрамбек болса – Миша, Ескендір болсаңыз – Саша атала беретінсіз. Жанама атты жақсы көретін қазақтардың өздері де өз есімдерін солай айтуға құмар болып тұратын, тіпті жазғанда да айтуға жеңіл, түсінікті болсын деген оймен осылай жазып жіберетін. Аяқ астынан



пайда бола кеткен мына орыстың алыстан келгені айтпай-ақ көрініп тұр. Рысбайдың үйіне жеткізіп тастауды ойлаған Нысанғали:

– Бәрі түскі тамаққа кетті ғой, отырыңыз үйіне апарып тастайын, – дейді қазақы қонақжайлық танытып.

– Жоқ, рахмет, маған ешкімнің үйіне кіруге болмайды, осы жерде күте тұрамын, – деген орыс қоймаға қарай беттеп кете барады.

Нысанғали бәрін кейіннен естіді, бұл келген кісі Мәскеуден екен. Ходжелідегі қонақүйге жайғасыпты. Нысанғали ғана емес, бір-екі айдан кейін Мәскеуден келген кісінің осында жүргенін бүкіл аудан білді. Одан кейін бұл оқиға туралы облысқа, одан әрі республика көлеміне мәлім болады.

– Мәскеуден арнайы келген тексеруші Рысбай Етекбаевтың інісінің өлімінің себептерін қайта қонарды. Бір айдан астам уақыт жүріп, сөйлеспеген адамы, тексермеген орындары қалмады. Мүрдені қайта аштырып, анық-қанығына көз жеткізу үшін мұқият қайта зерттеу жасаттырды. Нәтижесінде құқық қорғау орындарының бірді-екілі өкілі қызметтерінен алынып, қылмыстық істің беті ашылды. Үлкен бір қызметкердің үйінде құрылыс жұмыстарымен айналысып жүрген қылмыскер жігіт тиісті жазасын алып, темір тордың аржағына жөнелтілді, – дейді Алматы облысы Байсерке ауылында тұратын Нысанғали Молдағұлов ақсақал Қарақалпақстанда өткен құпия бір істің бетін қайта ақтарып.

Мәскеуден келген тексеруші мавзолейде жатқан Лениннің аяғына хат лақтыратын Рысбай Етекбаевтың арызынан кейін арнайы

шыққан уәкіл еді. Біреу біліп, біреу білмеген бұл оқиға арада көп жылдар өткеннен кейін ғана белгілі болды. Ол кездері қылмыстық істердің негізгі себептері ашық айтыла бермейтін, қылмысқа қатысы бар адам кек қайтарып жүрмес үшін де көп дүние құпия күйінде қалатын. Сондықтан араға жылдар салып барып айтыла бастайтын құпиялардың арты аңызға айналып кетуші еді.


Бұл оқиға да шын мәнінде осылай болды ма, жоқ па, ол жағын тексеріп шыққан ешкім жоқ. Бірақ ел арасына «о дүниедегі Ленинге хат жазған» кісі туралы әңгіменің тез арада тарап кеткені рас еді. Мұның өзі сол кездегі қоғамның шын бейнесін көрсететін жәйттің бірі болды.

Мәскеудегі бір орталыққа ғана бағынған уақытта жоғарыдағы әңгіме басқа, төмендегі көрініс басқа болатын. Жұрт сөз бен істің арасындағы алшақтықтан адасып кетуге шақ қалушы еді. Қоғамның іргесін шайқалтпай ұстап тұрған сол кездегі мықты саяси идеология бәрін жеңіп кететін. Істің ақ пен қарасын тани алатын көзі ашық жандардың өзі оған амалсыз мойын ұсынып жатты. Сондықтан көп адамның даусы жергілікті жерден алысқа естілмейтін және оны естіртпейтін де.

Қарақалпақстаннан шыққан батыл қазақтың Мәскеуге арнайы баруы да осының айғағы еді. Оның «Өзің болмасаң, тірілерден қайыр болмады» деп Ленинге айтқан сөзі Мәскеудегілерге де өтіп кеткен болу керек. Бір қазақтың өтінішін жерде қалдырмай, арнайы адам жіберіп мәселесін шешіп берген.

Әнуарбек ИСЛАМХАНҰЛЫ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.